

А.К. Урсарова^{1,a}, А. Кинаятова^{2,b}

¹Казахская академия транспорта и коммуникаций. г. Алматы, Казахстан,
^aainur_ks@mail.ru, ^baiym1998@mail.ru

АЭА ҚОРҒАС - ШЫҒЫС ҚАҚПАСЫ МЫСАЛЫНДА КЛИЕНТТЕРГЕ КӨЛІКТІК - ЭКСПЕДИЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУДІ ЖЕТІЛДІРУ.

Аннотация. В данной статье рассмотрены совершенствование транспортно-экспедиционное обслуживания на примере включающего СЭЗ "Хоргос – Восточные ворота".

Аңдатпа. Бұл мақалада елдің транзиттік-көліктік әлеуетін дамытуда Алтынкөл стансасының рөлі қарастырылды. «Қорғас-Шығыс қақпасы» ЕЭА, автотрасса Алматы-Қорғас, Батыс Еуропа-Батыс Қытай коридорының бөлігі кіретін көліктік-логистикалық хабтың компоненті болып табылатын темір жол көлігі талданды. Қорғас шекаралық ынтымақтастық халықаралық орталығы ЕЭА құрамына кіру қажеттілігі, сонымен бірге құрғақ порт жобалары, логистикалық және индустриялық аймақ негізделді және анықталды.

Abstract. This article considers the role of the station Altynkol in the development of transit-transport potential of the country. Analyzed railroad which is a component of the created transport and logistics hub, including the SEZ "Khorgos – Eastern gate" and a highway Almaty – Khorgos, the section of the corridor Western Europe – Western China. Identified and justified the need for entry into the FEZ already built international centre of boundary cooperation "Khorgos", as well as projects dry port, logistics and industrial zones.

Түйінді сөздер: транзиттік-көліктік әлеует, автотрасса, экспедициондық қызмет, лизинг, консультациялы-аналитикалық, инфрақұрылым, контрейлер.

Ключевые слова: транспортно-транзитный потенциал, автотрасса, экспедиционная услуга, лизинг, консультативно-аналитическая, инфраструктура, контрейлер.

Keywords: Transport and transit potential, highway, forwarding service, leasing, consultative and analytical, infrastructure, piggyback.

Көліктік қызмет көрсету - жүк жіберушіден жүк қабылдаушыға жүкті жеткізуді іске асыру және тасымалдау барсысында барлық жол бойы тиеу-түсіру жұмыстарын (ТТЖ) орындауға бағытталған қызмет. Тиеу-түсіру оталары жүктерді жеткізу үрдісіндегі міндетті элементтер болып табылады және тікелей клиенттердің территорияларында орындалады, ол таратушы орталықтарда, көлік түйіндеріне, сонымен бірге өнімді бір көлік түрінен басқасына ауыстырып тиегенде.

Көліктік-экспедициялық қызмет көрсету жүкті тұтынушыға дер кезінде және сапалы жеткізуді қамтамасыз ететін және өзіне даярлық-қорытынды қызмет көрсету, қоймалық және экспедициондық қызметтерді қосатын қызмет. КЭЖ құрылымын талдау үшін оның үш құраушысымен байланысын қарастырамыз: көліктік, экспедициялық және делдалдық қызмет көрсету. Экспедициондық қызмет көрсету – жүкті тұтынушыға дер кезінде және сапалы жеткізуді қамтамасыз ететін және өзіне даярлық-қорытынды қызмет көрсету, қоймалық және экспедициондық қызметтерді қосатын қызмет. Делдалдық қызмет көрсету - өзіне делдалды-ұйымдастыру, консультациялы-аналитикалық және ақпараттық қызмет көрсетулерді қосады және бірінші кезекте жүкті жүк алушыға сапалы жеткізуге негізделген.

Делдалды-ұйымдық оталар жүкті жеткізуді ұйымдастыру, КЭЖ жеке қызметі мен көлік түйіндері бөлімшелерінің жұмыс координациясы, жүк жөнелтушілер, жүк

қабылдаушылар және жүктерді жеткізу үрдісінде өзара әсерлесетін көлік ұйымдарымен байланысты. Сонымен қатар, олар өздеріне КҚ (көлік құралы), көлік жабдықтары, тиеу-түсіру механизмдерін (ТТМ), қойма және т.б. арендасы мен лизингін қосады. Консультациялы-аналитикалық қызмет көрсету әр түрлі көлік пен әр түрлі тасымалдау технологиясын қолдануды ескере отырып оптималды тасымалдау маршрутын есептеу мен жеткізудің барлық кезеңдерінде ЖҚ түрін таңдау бойынша қызметтерден тұрады. [1]

Ақпараттық қызмет көрсету негізінен ақпараттық ағындардың өтуін қамтамасыз ете отырып жеке операторлар мен жалпы жеткізу үрдісін басқарудың өзара әрекеттестігі негізінде жұмыс істейді. Көліктік-экспедициялық операциялардың алуантүрлілігі коммерциялық, іскерлік, ұйымдардың ақпараттық байланысулары, жеке және заңды тұлғалармен олардың арасындағы заңды әрекеттердің мөлшерін алдын ала анықтайды.

Көлік экспедициясындағы мұндай қатынастардың бір түрі – тапсырмалы келісім шарт, оның тараптары заңды және жеке сенімді тұлға(сенімді өкілі) болып табылады және жеке немесе заңды тұлға – сенімді тұлға (принципал).

Еліміздің қорында тұрған, ауданы 600 га және 4,500 га жерді алып жатқан «Қорғас-Шығыс қақпасы» арнайы экономикалық аймағы Қазақстан Республикасы және Қытай Халық Республикасы шекарасының Қазақстан аумағынында стратегиялық мақсатпен орналасқан. АЭА Қазақстанның Еуразиялық өңіріндегі экспорттық-транзиттік әлеуетін арттыру, жаһандық логистика саласындағы құзыреттіліктерін дамыту және шетелдік инвестицияларды тарту мақсатында құрылған.

«Қорғас-Шығыс қақпасы» АЭА мақсаты Қазақстан Республикасының транзиттік басымдылығын қолдана отырып транспорттық-логистикалық және индустриалдық орталық құру. «Қорғас-Шығыс қақпасы» АЭА Қытай шекарасымен мультимодальды логистиканы, ірі өндірістік кәсіпорындарды және сауданы стратегиялық дамыту үшін орналасқан. Еуропа мен Азияның арасындағы құрлықтық дәлізде тиімді орналасуы арқасында Оңтүстік-шығыс Азия – Қытай – Орталық Азия – Еуропа транзиттік дәлізіне үнемді және аз шығынсыз балама дәліз ретінде танылды. Сонымен қатар өткізу нарығындағы мемлекеттер – Кеден одағы елдеріне, Еуропа, КХР экономикалық дамуына жағдай жасап, аймаққа әлеуметтік пайда әкеледі.

АЭА Алтынкөл станциясы және Батыс Еуропа – Батыс Қытай жолымен тығыз қызмет атқарады.

2015 жылдың шілде айнан бастап АЭА басты түйіні болып табылатын және АЭА пен Алтынкөл станциясын теміржол арқылы байланыстыратын Құрғақ порт пайдалануға берілді.

АЭА инженерлік инфрақұрылымының құрылысы аяқталуда. Бүгінгі таңда жеке инвесторлар өздерінің жобаларын «Қорғас-Шығыс қақпасы» АЭА аумағында іске асырып жатыр.

Ең алдымен, Еуропа - Қытай бағытында республиканың транзиттік әлеуетін арттыру мақсатында көліктік және логистикалық саласын дамыту және өнеркәсіпте ұнамды имиджі бар әлемдегі жетекші компанияларды тарту арқылы жоғары қосылған құны дайын өнімдер өндірісін құру. Кездесу барысында қатысушылар газбен жабдықтау, электрмен жабдықтау, еңбек ресурстарының мәселелерін, сондай-ақ «Қорғас» еркін экономикалық аймағының іргелес аумағын одан әрі жетілдіру мәселелерін талқылады, сонымен қатар, Алматы - Алтынкөл электр пойызы бағытын іске қосу туралы пиғылын білдірді.

«Қорғас-Шығыс қақпасы» АЭА Қазақстанның экспорттық-транзиттік әлеуетін арттыру

Мультимодальды логистика, ірі өндірістік кәсіпорындарды дамыту мен сауданы оңтайлы ұйымдастыру бұл өңірдің әлемдік деңгейдегі дистрибуциялық орталық болатындығын әйгілейді. Жетіген-Қорғас, Жезқазған-Бейнеу темір жолдары, «Батыс Еуропа-Батыс Қытай» автокөлік дәлізі, Ақтау порты, «Қорғас-Шығыс қақпасы» АЭА-ның технологиялық тізбегі Қазақстанның әлемдік көлік және сауда жүйесіне ықпалдасуына

мүмкіндік әкеледі. «Қорғас-Шығыс қақпасы» АЭА-ның маңызды бөлігі Құрғақ порт саналады. Бұл Қазақстандағы ең үлкен жердегі порты және Орта Азиядағы ең ірі логистикалық парк. «Khorogos-Gateway» ЖШС Бас директоры Карл Гейссеннің айтуынша, «бүгінгі таңда 2016 жылғы (қаңтар- қазан) көрсеткіш бойынша 73234 ЖФЭ контейнерге жүк тиеу көлемі орындалды. Контейнер айналымы 2016 жылы (қаңтар-қазан) 59106 ЖФЭ құрады.

Құрғақ порттың көп бөлігі темір жол жүк терминалы мен логистикалық аймаққа арналған. Бұл өңірде көтерме сауда, өткізу, сақтау қоймалары орналасқандығын атап өтті. Олар ұлттық, аймақтық, халықаралық сұраныстарды қамтамасыз етеді. Индустриялық аймақта бірқатар өндіріс орындары, ауыл шаруашылығы, тамақ өнеркәсібі, жеңіл өнеркәсіп, тері - былғары шикізаты, машина құрастыру мен құрылғыларын жасау нысандары да орналасатын болады. Қазіргі таңда Құрғақ порттың индустриялық және логистикалық өңірінің құрылысы аяқталуға жақын.

Қытай шекарасында тағы бір ірі жоба - «Қорғас» халықаралық шекаралық серіктестігі орталығы (ХШСО) құрылысы коммерциялық келісімдердің және шекаралық сауда операцияларының алаңына айналады, бизнес серіктестікті белсенді жүргізуге ықпал етеді. «Қорғас» ХШСО президенті Қ. Жазин халықаралық шекаралық сауданы дамыту, мәдени және ғылыми тәжірибе алмасу, ойын-сауық инфрақұрылымы туралы әңгімеледі. Осыған байланысты орталық құрылысының Бас жоспарына және Тұжырымдамасына өзгерістер мен толықтырулар енгізілуде. Қ. Жазиннің айтуынша, ХШСО орталығының нормативтік- құқықтық басзасы жетілдірілуде. Оның ішінде Мемлекет басшысының Жарлығымен «Қорғас» ХШСО АЭА құру туралы» заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін болады. Сонымен қатар, ХШСО аумағын кіріп-шығуды реттеудің әдістемелігі жасалып, багаж жүктерін қабылдау қызметін жақсарту, орталыққа келушілерді бірыңғай төлем жүйесімен қамту көзделуде. [2]

Көліктік - экспедициялық қызмет көрсетуді, тасымалдауды ұйымдастыру және жетілдіру.

АЭА басымдығына сәйкес түрлі қызметтен түскен табыстың КТС 100% қысқарту;

Нөлдік мөлшерлемедегі мүлік салығы;

АЭА қатысушылары тұтынатын тауарларды АЭА аумағында жүзеге асыру кезінде нөлдік мөлшерлемедеҚҚС салу;

Орта мерзімдік кезеңдегі жер телімдерін жалға алу ақысынан босату

АЭА аумағында еркін кедендік аймақ – кедендік тәртібі қолданылады;

Шетелдік тауарларды қолдану арқылы дайындалған, еркін кедендік аймақ – кедендік тәртібіне уәкілдер енгізген және 2012 жылдың 1 қаңтарына дейін АЭА аумағында тіркеуден өткен тауар 2017 жылдың 1 қаңтарына дейін Кедендік одақтың тауары ретінде танылады.

Контрейлерлік поезд құруда белгіленген стансаға дейін жол жүруде еш қайта құрусыз болатын тез бұзылатын жүгі бар және халықтық қолдану тауары бар автопоездар жіберіледі. Осылайынша контрейлерлік тасымалдар аралас тасымал сияқты көлік және теміржол транспортының өзара әрекетінің тиімді өнімі болып табылады.

Контрейлерлік тасымалдарды жүзеге асырудағы шетелдік тәжірибе автотасымалына да, теміржол көлігіне де бұндай тасымалдардың тиімді екеніне дәлел бола алады. Контрейлерлік тасымалдардың барлық тасымалдаушыға қатысатындар үшін төмендегідей тиімділіктері бар:

1. Көліктасымалдаушылар қозғалыс құрылымы айналымын тездете алады және тасымалға пайдаланатын шығын мөлшерін азайтады.

2. Контрейлерлік технология көмегімен теміржол көлігі өзіне қосымша тасымалдау көлемін тарта алады

3. Бұл платформаларға автопоездарды арту кезінде қымбат тұратын қайта артқыш орнату талап етілмейді. Арту (түсіру) автопоездар

платформаларына, автокөліктерге, тартқыш және тіркемелер өз бетімен тиеу (түсіруді) өз бетінше кіру (шығумен) орындалатын болғандықтан пайдалану шығындары біршама төмен.

4. Көлік-экспедициялық компаниялар – жүк иелеріне көрсетілетін қызметті «есіктен есікке дейін» жүкті жеткізу мерзімін қысқарту есебінде жақсартып, тасымалдың жалпы құнын төмендетеді.

5. Мемлекет үшін қоршаған ортаға зиянды қалдықтарды лақтыруды азайту есебінде, автокөліктің жағымсыз әсерін төмендетеді.

Жүк тасымалдауды ұйымдастыруда, сондай-ақ, теміржол саласының тоқтап қалусыз, үзіліссіз жұмыс істеуіне жүкті тасымалдауды жоспарлау негіз болады. Жүк тасымалдауды жоспарлаудың мақсаты: мүмкіндігінше аз шығынмен тасымалды көлік түрлеріне шығынды үнемдеу мақсатта бөлуде, жүк тасуда тепе-теңділікпен қамтамасыз етуде және жүк артудың ырғақтылығы, сонымен қатар, бар ресурстарды тиімді пайдалануда, техникалық мүмкіндіктерде, магистралды желі мүмкіндіктерінде, жүк жіберушінің сұранысын уақытында және толық қанағаттандыру болып табылады. Зандылық тұрғыда тасымалдауды жоспарлау айтарлықтай өзгертулерге ұшыраған жоқ. Тасымалдаудың жоспары жылдық жоспарлау, айлық жоспарлау және өтінім негізіндегі жүк жөнелту болып бөлінеді.

Қорытындылай келе «Қорғас-Шығыс қақпасы» инвестициялық ахуалды тудыру және экспорттық бағдарлануға икемделген инвестициялық жобаларды іске асыру үшін отандық және шетелдік инвесторларды тарту; Экономикалық саладағы импорттың орнын алмастыру аумағының заманауи өндірістік және инновациялық технологиялары дамуын тездету; Жаңа жұмыс орындарын құру және жергілікті кадрлардың біліктілігін көтеру.

Ең алдымен, Еуропа - Қытай бағытында республиканың транзиттік әлеуетін арттыру мақсатында көліктік және логистикалық саласын дамыту және өнеркәсіпте ұнамды имиджі бар әлемдегі жетекші компанияларды тарту арқылы жоғары қосылған құны дайын өнімдер өндірісін құру. Кездесу барысында қатысушылар газбен жабдықтау, электрмен жабдықтау, еңбек ресурстарының мәселелерін, сондай-ақ «Қорғас» еркін экономикалық аймағының іргелес аумағын одан әрі жетілдіру. [3]

Мемлекет тарапынан бірыңғай инженерлік және көлік инфрақұрылымын құруға, жер телімін жалға беру және жер телімінде АЭА тәртібі аяқталғаннан кейін сатып алу құқығын беру жоспарланып тұр; экспортқа бағытталған өндірістерді және импорттың орнын алуды мемлекеттік қолдау, бірыңғай экономикалық кеңістік есебінен өндірілетін өнімдер нарығын арттыру. Үйлесімде бұл факторлар АЭА үшін бірқатар күмәнсіз артықшылықтар жасайды.

ӘДЕБИЕТТЕР

[1] Малыбаев С.К., Дедов А.Н. – Основы взаимодействия и взаимозаменяемость средств транспорта, Караганда, 2000ж.

[2] Вагон шаруашылығындағы жөндеу жұмыстарын басқару жүйесін жетілдіру, авторлар тобы Толысбаев Б.С. және т.б. – Алматы: Інжу-Маржан, 2009ж.

[3] Сханова «Транспортно-экспедиционное обслуживание», 2005ж.